

## Тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау

<b>Мемлекеттік орган</b>	Қаржы министрлігі
<b>Қызметті алушылар</b>	жеке және заңды тұлғалар
<b>Қызмет көрсету орны</b>	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ – <i>қызметті алушының тіркелген жері бойынша</i> ; 2) Мемлекеттік кірістер комитеті және оның облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары.
<b>Қызметті көрсету мерзімдері</b>	тауарларды жіктеу бойынша алдын ала шешімді беру –20 (жиырма) жұмыс күні; бұдан бұрын алынған тауарларды жіктеу бойынша алдын ала шешімнің телнұсқасын беру – 5 (бес) жұмыс күн;
<b>Қызмет құны</b>	белгілі бір маркасын, моделін, артикулі мен модификациясын қамтитын тауардың әрбір атауына 32 000 (отыз екі мың) теңге мөлшерінде кедендік алымдар алынады.
<b>Құжаттар тізбесі</b>	1) жеке басты куәландыратын құжат. 2) тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау үшін кедендік алымның төленгені туралы құжаттың көшірмесі. Қажет болған жағдайда, кедендік сараптама жүргізу үшін тауардың сынамалары және (немесе) үлгілері, сондай-ақ фотосуреттері, суреттері, сызбалары, бұйымдардың паспорттары және тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті, өтініш иесінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылған басқа да құжаттар ұсынылады. <b>телнұсқаны алу үшін:</b> еркін нысандағы өтініш. Тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімнің телнұсқасында алдын ала шешімнің түпнұсқасында қамтылған барлық мәліметтер, оның ішінде тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімінің тіркеу нөмірі мен қабылданған күні көрсетіледі және "Телнұсқа" деген белгі қойылады.
<b>Қызмет көрсету нәтижесі</b>	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес тауарларды сыныптау бойынша алдын ала шешім беру, бұдан бұрын алынған тауарларды сыныптау бойынша алдын ала шешімнің телнұсқасын беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

**Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011273#z972>